

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Басқармасының 2019 жылдың 15 тамызындағы
шешімімен бекітілген (№ 37 хаттама)

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН
БАҒАЛАУ САЯСАТЫ**

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ	4
3. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ	6
4. БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ОРТА МЕКТЕПТІҢ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУЫ	6
5. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АККРЕДИТАЦИЯЛАУ	8
ҚОСЫМШАЛАР	

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі Даму стратегиясы бағыттарының бірі - білім беру сапасын бағалау жүйесі болып табылады. Білім беру сапасын бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін осы Бағалау саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау саясаты (бұдан әрі – Саясаты) жоспарланған бағалауды қолданудың реттілігін қамтамасыз ету мақсатындағы бағалау рәсімдерінің барлық түрлерін қамтиды.

Бағалау рәсімдеріне төмендегілер жатады:

- критериалды бағалау жүйесі;
- оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу;
- негізгі және жоғары мектеп оқушыларының сыртқы бағалауы және негізгі мектептің қорытынды аттестаттауы;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарын халықаралық аккредитациялау (бұдан әрі – ДББҰ филиалдары).

Мектептер мен сыныптарды бағалаудың құралдарын әзірлеу мен бағалау түрлерін қолдану төмендегі оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады:

- ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы - NIS-Programme (бұдан әрі – Білім беру бағдарламасы);
- ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілетін Халықаралық Бакалавриаттың оқу бағдарламалары.

Бағалау саясатында келесі терминдер пайдаланылады:

1) **критериалды бағалау** – белгіленген критерийлер негізінде оқушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі;

2) **оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу** – білім беру сапасын басқарудағы білім беру процесінің қажетті бөліктері болып табылатын оқушылардың оқу жетістіктері туралы ақпараттардың таратылуы мен анализін, сақталуын, өңделуін жинақтайтын жүйе;

3) **сыртқы жиынтық бағалау** - Білім беру бағдарламасы бойынша негізгі және жоғары мектепті аяқтаған оқушылардың білімі мен оқу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтайтын, мектептен тыс мекемемен дайындалатын және өткізілетін бағалау;

4) **аккредитация** - аккредитация стандарттарына ДББҰ филиалдарының білім беру қызметтерін сәйкестігін аккредитациялау ұйымымен анықтайтын рәсім;

5) **валидациялық бағалау** – ДББҰ филиалы аккредитациялау ұйымның мүшелігін алуы үшін өтетін халықаралық аккредитация кезеңі;

6) **дайындық бағалауы** – халықаралық аккредиттеу кезеңі, одан кейін аккредиттеу ұйымы ДББҰ филиалына «Аккредиттеуге үміткер» мәртебесін береді;

7) **мектептің өзін-өзі бағалауы** – білім беру үдерісінің қатысушылары мектеп қызметінің аккредитация стандарттарына сәйкестігін бағалайтын халықаралық аккредитация үдерісі;

8) **командалық бағалау** – ДББҰ филиалы «Халықаралық аккредитацияланған мектеп» мәртебесін алғаны туралы шешім қабылдайтын халықаралық аккредитацияның кезеңі;

9) **дипломдық бағдарлама бойынша сыртқы бағалау** (бұдан әрі – DP бағдарламасы) – Халықаралық Бакалавриат әзірлеген және өткізетін, Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша оқушылардың білімдері деңгейін анықтайтын жоғары сыныпты аяқтаған кездегі жұмыстарын бағалайтын рәсім;

10) **қорытынды аттестаттау** – Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша негізгі мектепті бітірген кезде оқушылардың оқу пәндерін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында өткізілетін оқушылардың жұмыстарын бағалайтын рәсім.

2. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Қазіргі кезде ДББҰ филиалдарында критериалды бағалаудың келесі түрлері қолданылады:

- ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme - Білім беру бағдарламасына сәйкес оқу процесі ұйымдастырылған филиалдардағы критериалды бағалау;

- ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген білім беру процесі Халықаралық бакалавриат бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалындағы критериалды бағалау;

- ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген білім беру процесі Халықаралық бакалавриат бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласындағы Халықаралық мектебі» филиалындағы критериалды бағалау.

Критериалды бағалауды қолдану келесі құжаттармен реттеледі:

- 1) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген Критериалды бағалау моделі;

- 2) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген Сыртқы бағалау моделі;

- 3) Алынып тасталды;

4) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережелері;

5) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген Астана қаласының Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережесі;

6) Алынып тасталды;

7) ДББҰ Басқарама шешімімен келісілген және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласының Халықаралық мектебі» филиалы директорының бұйрығымен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласының Халықаралық мектебі» филиалы оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау ережесі;

8) Алынып тасталды;

9) Алынып тасталды;

10) Алынып тасталды;

11) Алынып тасталды;

12) Алынып тасталды.

ДББҰ филиалдары оқушыларын ішкі және сыртқы бағалауын жүзеге асыру үшін оқушылардың оқу жетістіктеріне критериалды бағалау жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқитын барлық сыныптарда сабақ барысында қалыптастырушы бағалау жүргізіледі.

Жиынтық бағалау оқудағы белгілі оқу бөлімі (бөлім/ортақ тақырыптар) (тоқсан, оқу деңгейлері) аяқталғанда осы құжаттың 2, 3- қосымшаларына сәйкес жүргізіледі.

Тереңдетілген деңгейде оқытылатын «Химия», «Физика», «Биология» пәндерінен бөлім бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен оқу жоспарына сәйкес зертханалық/практикалық жұмысты бағалауды қарастырады.

Тілдік пәндерден бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауда тексерілетін тілдік құзыреттіліктер бірге бағаланады (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым).

Халықаралық Бакалавриаттың оқу бағдарламасы бойынша оқитын оқушыларға қалыптастырушы бағалау сабақ барысында оқушылардың ағымдағы білімі мен дағдылары туралы үздіксіз кері байланыс беру үшін өткізіледі.

Жиынтық бағалау бөлімді (юнит) меңгеру және оны аяқтаған кезде жүзеге асырылады. Бөлім (юнит) соңында бір жиынтық жұмыстан кем жүргізілмейді.

3. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі - Мониторинг) - бұл нақты білім деңгейі туралы объективті ақпаратты жүйелі түрде жинау, өңдеу және ұсыну үшін қолданылатын стандартталған бағалау құралы. Оқушылардың жеке білім беру траекториясын бақылауға және түзетуге мүмкіндік береді. Мониторинг осы Бағалау саясатының 4-қосымшасындағы кестеге сәйкес ПОО-мен жүргізіледі.

«Математика» «Қазақ тілі мен әдебиеті (екінші тіл ретінде)», «Орыс тілі мен әдебиеті (екінші тіл ретінде) және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша 7-10 сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бақылау «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық өлшеу орталығы» филиалы әзірленген материалдар негізінде жүзеге асырылады.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау нәтижелері бойынша мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға немесе басқа заңды өкілдерге мониторинг нәтижелері жеке есеп түрінде ұсынылады.

Мониторингтің нәтижелері:

- оқушылардың білім сапасы және оқу процесінде жіберген кемшіліктер туралы ата-аналарға ақпарат беру;
- оқушының жеке оқу траекториясын түзету мақсатында оқушылармен топтық/жеке жұмысы және мұғалімдердің оқу процесін ұйымдастыру;
- оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін диагностикалау және оқушылардың оқу деңгейін жақсарту мақсатында басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін қолданылады.

4. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің сыртқы бағалауы келесі түрде жүзеге асырылады:

- 1) Білім беру бағдарламасымен оқыған негізгі және жоғары сыныптарды бітіру қорытындысы бойынша сыртқы жиынтық бағалау;
- 2) Халықаралық бакалавриат бағдарламасымен оқыған негізгі сыныптарды бітіру қорытындысы бойынша қорытынды аттестаттау;
- 3) Халықаралық бакалавриат бағдарламасымен оқыған жоғары сыныптарды бітіру қорытындысы бойынша сыртқы бағалау;
- 4) ҰБТ сертификаты үшін қажет пәндерден Білім беру бағдарламасы мен Халықаралық бакалавриат бағдарламасымен оқыған жоғары мектепті бітіру нәтижелері бойынша сыртқы бағалау;
- 5) Алып тасталды.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі сыртқы жиынтық бағалау оқушылардың оқу процесінде Білім беру бағдарламасы бойынша алған білім мен біліктерін анықтайды.

Сыртқы жиынтық бағалауды өткізудегі қолданылатын қағидаттар мен үрдістер ең үздік халықаралық тәжірибеге негізделген және Халықаралық білім беру сұрақтары бойынша Кембриджде қолданатын талаптарға сәйкестендірілген.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің негізгі және жоғары сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалауы 5-қосымшаға сәйкес келесі құжаттар негізінде жүргізіледі:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілетін Критериалды бағалаудың моделі;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілетін Сыртқы бағалаудың моделі;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Басқарма шешімімен бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерін сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру мен өткізу бойынша нұсқаулық.

Жоғары мектептің сыртқы жиынтық бағалауының барлық рәсімдері ПӨО-мен әзірленеді және Кембриджбен аккредиттеледі.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Астана қаласының Зияткерлік мектебі және «Астана қаласының Халықаралық мектебі» филиалдарында ДР бағдарламасы бойынша ПӨО-мен өткізілетін сыртқы бағалау және қорытынды аттестаттауы Халықаралық Бакалавриат оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейлерін тексеру бойынша жүреді.

Негізгі және жоғары мектеп пәндері бойынша ДР бағдарламасы бойынша сыртқы бағалау, сыртқы бағалау және қорытынды аттестаттау «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережесімен, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының 10 және 12-сынып оқушыларына қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу нұсқаулығымен реттеледі және осы Бағалау саясатының 6-қосымшасына сәйкес өткізіледі.

«Астана қаласының Халықаралық мектебі» ДББҰ филиалындағы негізгі мектептің қорытынды аттестациясы ДББҰ Басқарма шешімімен келісілген және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласының Халықаралық мектебі» филиалы директорының бұйрығымен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласының Халықаралық мектебі» филиалы оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау ережесімен, ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Астана қаласының Халықаралық мектебі» филиалы оқушыларының сырттай бағалауын және қорытынды аттестациясын ұйымдастыру және өткізу нұсқаулығымен реттеледі және осы Бағалау саясатының 7-қосымшасына сәйкес өткізіледі.

ҰБТ сертификатына қажетті пәндер бойынша сырттай бағалау бейінді пәндер бойынша ұйымдастырылады және өткізіледі, оны білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен ұлттық бірыңғай тестілеудің бейінді

пәндерін көрсететін мамандықтар тізімінде анықталған пәндердің негізінде оқушылар таңдайды. Сырттай бағалау келесі құқықтық құжаттармен реттеледі:

- Алынып тасталды;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының түлектеріне Ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаттарын беру ережесі;
- Алынып тасталды;
- Алынып тасталды;

5. ДББҰ ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АККРЕДИТАЦИЯСЫ

ДББҰ филиалдарының халықаралық аккредитациядан өтуі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2035 жылға дейінгі даму стратегиясының негізгі бағыты болып табылады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің шешімімен Халықаралық аккредитациялау бойынша стратегиялық серіктес ретінде Халықаралық мектептер кеңесі, Нидерланд (Council of International Schools) анықталды. Халықаралық мектептер кеңесі аккредитацияны халықаралық стандарттар бойынша өткізеді.

ДББҰ филиалдарының қызметін халықаралық ұйымдармен бағалау – мониторингтеу және сапаны бағалау жүйесінің негізгі мақсаты болып саналады. Халықаралық аккредитация мектептің қызметін үздіксіз жетілдірілуін қамтамасыз ету, мектептердің көрсететін білім беру қызметтері сапасының халықаралық мойындалған Халықаралық мектептер кеңесінің стандарттарына сәйкестігін растау және білім беру қызметтеріне әділ баға беру мақатында өткізіледі. Көрсетілетін білім беру қызметтерінің жоғары сапалығын растау, мектептің білім беру бағдарламасының халықаралық мойындалуы және түлектердің әлемнің алға ұстар университеттеріне түсуге мүмкіндік берілуі үшін халықаралық аккредитация ұйымдарымен бағаланып, халықаралық мектеп мәртебесін алу қажет.

Халықаралық аккредитациядан өтудің басымдылықтары:

- мектепті аккредитациядан өткізу – мектеп қауымдастығы мен мектептен тыс ұйымдарға, білім беру процесіне қатысушыларына мектеп қызметінің сапалығы мен оның кепілінің дәлелі;
- мектепті өзін-өзі бағалауы, халықаралық аккредитациялаудың ең маңызды кезеңінің бірі және мектеп қауымдастығына барлық сұрақтар мен мәселелерді, тапсырмаларды, даму жоспарын талқылауларына жағдай жасайды;
- тәуелсіз аккредитациялау сарапшыларының сыртқы бағалауды өткізулері берілген бағаның әділдігін қамтамасыз етеді;

- мектептің сыртқы бағалауы нәтижесінде ұсыныстарын ескере отырып, мектептің даму жоспары құрылады.

Халықаралық аккредитациялау циклдік үрдіс болып табылады және бірнеше кезеңде өтеді:

1-кезең – валидациялық кезең, 1-2 сарапшымен 2-і күн барысында өткізіледі, нәтижесінде мектеп Халықаралық мектеп кеңесінің мүшелігін алады;

2-кезең – дайындық бағалау, тәуелсіз халықаралық аккредиттеу сарапшыларымен 4 күн бойы (оның бір күні семинар) барысында өткізіледі, нәтижесінде мектеп «Аккредитацияға үміткер» мәртебесін алады;

3-кезең – өзін-өзі бағалау, мектеппен 12-18 ай барысында өткізіледі, нәтижесінде мектеп өзін-өзі бағалау бойынша есеп дайындайды;

4-кезең – командалық бағалау, тәуелсіз халықаралық аккредиттеу сарапшыларымен 7-8 күн барысында өткізіледі, мектеп халықаралық аккредитациясын тағайындау туралы шешім алады.

Халықаралық аккредиттеуден сәтті өткеннен кейін 5 жыл өткен соң, аккредиттелген мектеп мәртебесін растау үшін мектептер 2-5 кезеңді қамтитын келесі аккредиттеу цикліне кіреді.

Аккредитациялау процестерінің мерзімі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының шешімімен бекітілген ДББҰ филиалдарының халықаралық аккредитациядан өту кестесінде реттеледі.

ДББҰ филиалдарын халықаралық аккредитациялау шеңберіндегі іс - шаралар осы Саясаттың 8 -қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ

Білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдары оқушыларының функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін бағалауға арналған тест (бұдан әрі – ОФСҚ) – бұл 14 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығының даму деңгейі және олардың нақты жағдайларда академиялық білімді қолдану қабілеті туралы объективті ақпарат жинау, өңдеу және ұсыну үшін пайдаланылатын стандартталған бағалау құралы.

ОФСҚ-ны осы Саясаттың 4-қосымшасына сәйкес кесте бойынша ПӨО өткізеді.

ОФСҚ үш бағыттан тұрады – математикалық, жаратылыстану және функционалдық сауаттылық және ПӨО әзірлейтін материалдар негізінде жүзеге асырылады.

ОФСҚ қорытындысы бойынша мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге ОФСҚ нәтижелері бар жеке есептер ұсынылады.

ОФСҚ нәтижелері келесі мақсаттарда қолданылады:

- оқушылар мен олардың ата-аналарын функционалдық сауаттылық дағдыларын дамыту деңгейі туралы хабардар ету;
- мұғалімдердің оқу процесін ұйымдастыруы, сондай-ақ функционалдық сауаттылық дағдыларын дамыту мақсатында оқыту әдістерін бейімдеу ;
- оқыту сапасы мен білім беру процесін жақсартуға бағытталған басқарушылық шешімдерді одан әрі қабылдау мақсатында мектеп әкімшілігінің функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейін диагностикалау.

7. ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОГНИТИВТІ ЕМЕС ДАҒДЫЛАРЫН БАҒАЛАУ

ДББҰ-ның филиалдары оқушыларының когнитивті емес дағдыларын бағалау – бұл оқушылардың когнитивті емес дағдыларын дамыту туралы өзекті ақпарат алу үшін қолданылатын бағалау құралы.

Оқушылардың когнитивті емес дағдыларын бағалауды осы Саясаттың 4-қосымшасына сәйкес кесте бойынша ПӨО өткізеді.

Когнитивті емес дағдыларды бағалау нәтижелері бойынша оқушының одан әрі жан-жақты дамуы үшін мектеп әкімшілігіне, оқушыларға, ата-аналарға немесе басқа заңды өкілдерге жеке есептер ұсынылады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы
оқушыларының оқу жетістіктерін
бағалау саясатының
1-қосымшасы

Алынып тасталды

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларының оқу жетістіктерін
 бағалау саясатының
 2-қосымшасы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың өткізілу мерзімі

1-кесте

Тоқсандар	Сыныптар/өткізілу мерзімі		
	5-9, 11-сынып	10-сынып	12-сынып
1-тоқсан	14 – 24 қазан 2024 жыл		
2-тоқсан	17 – 27 желтоқсан 2024 жыл		
3-тоқсан	10 – 20 наурыз 2025 жыл		
4-тоқсан	19 – 29 мамыр 2025 жыл	2 – 14 мамыр 2025 жыл	21 – 29 сәуір 2025 жыл

-

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларының оқу жетістіктерін
 бағалау саясатының
 3-қосымшасы

2- кесте алынып тасталды

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың өткізілу саны
5 -СЫНЫП

3 - кесте

№	Пән атауы	Бөлім/ортақ тақырып бойынша ҚБ			
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1.	Математика	3	3	3	3
2.	Ғылымға кіріспе	2	2	2	3
3.	Дүниетану	2	2	2	2
4.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
5.	Қазақ тілі (Т2)	2*	2*	2*	2*
6.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
7.	Орыс тілі (Т2)	2*	2*	2*	2*
8.	Ағылшын тілі	2*	2*	2*	2*
9.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	1	1	1	1
10.	Өнер	1	1	1	1
11.	Дене шынықтыру	2	2	2	2

6 -СЫНЫП

4 - кесте

№	Пән атауы	Бөлім/ортақ тақырып бойынша ҚБ			
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1.	Қазақ тілі (Т1)	2*	2*	2*	2*
2.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
3.	Қазақ әдебиеті (Т1)	2	2	2	2
4.	Орыс тілі (Т1)	2*	2*	2*	2*
5.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
6.	Орыс әдебиеті (Т1)	2	2	2	2
7.	Ағылшын тілі	2*	2*	2*	2*
8.	Қазақстан тарихы	1	2	2	3
9.	Дүниежүзі тарихы	1	2	2	2
10.	Математика	2	2	3	3
11.	Информатика	2	2	2	1
12.	Жаратылыстану	2	2	2	2
13.	Өнер	1	1	1	1
14.	Дене шынықтыру	2	2	2	2

7 -СЫНЫП

5 - кесте

№	Пән атауы	Бөлім/ортақ тақырып бойынша ҚБ			
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
2.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
3.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
4.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
5.	Ағылшын тілі	2*	2*	2*	2*
6.	Қазақстан тарихы	1	2	3	2
7.	Дүниежүзі тарихы	2	2	2	2
8.	Математика	3	3	3	3
9.	Информатика	2	2	2	2
10.	Физика	2	2	3	2
11.	Химия	2	2	3	3
12.	Биология	3	3	3	3
13.	География	3	2	2	2
14.	Өнер	1	1	1	1
15.	Дене шынықтыру	2	2	2	2

8 -СЫНЫП

6 - кесте

№	Пән атауы	Бөлім/ортақ тақырып бойынша ҚБ			
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
.	Ағылшын тілі	2*	2*	2*	2*
.	Қазақстан тарихы	2	2	2	1
.	Дүниежүзі тарихы	2	2	2	2
.	Математика	2	2	3	2
.	Информатика	3	2	2	2
0.	Физика	2	2	3	3
1.	Химия	3	3	3	2
2.	Биология	3	3	3	3
3.	География	3	2	2	2
4.	Өнер	1	1	1	1
5.	Дене шынықтыру	2	2	2	2

9 -СЫНЫП

7 - кесте

№	Пән атауы	Бөлім/ортақ тақырып бойынша ҚБ			
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
2.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
3.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
4.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
5.	Ағылшын тілі	2*	2*	2*	2*

6.	Қазақстан тарихы	1	1	2	2
7.	Дүниежүзі тарихы	2	2	2	2
8.	Құқық негізі	1	1	1	1
9.	Математика	3	3	3	3
10.	Информатика	2	2	1	2
11.	Физика	2	2	3	3
12.	Химия	3	2	3	3
13.	Биология	3	3	3	3
14.	География	3	2	2	2
15.	Өнер	1	1	1	1
16.	Дене шынықтыру	2	2	2	2

10 -СЫНЫП

8 - кесте

№	Пән атауы	Бөлім/ортақ тақырып бойынша ҚБ			
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
2.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
3.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
4.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
5.	Ағылшын тілі	2*	2*	2*	2*
6.	Қазақстан тарихы	2	2	2	2
7.	Дүниежүзі тарихы	2	2	2	2
8.	Математика	2	2	3	1
9.	Информатика	2	1	2	1
10.	Физика	3	2	3	2
11.	Химия	2	2	3	3
12.	Биология	3	3	3	3
13.	География	3	2	2	2
14.	Өнер	1	1	1	1
15.	Дене шынықтыру	2	2	2	2

11 -СЫНЫП

9 - кесте

№	Пән атауы	Бөлім/ортақ тақырып бойынша ҚБ			
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
2.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
3.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
4.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	2*	2*	2*	2*
5.	Ағылшын тілі	2*	2*	2*	2*
6.	Қазақстан тарихы	2	2	2	2
7.	Математика (7)	2	2	3	2
8.	Математика (10)	3	2	3	2
9.	Информатика (стандартты деңгейде)	1	1	1	1
10.	Информатика (тереңдетілген деңгейде)	3	2	3	3
11.	Физика (стандартты деңгейде)	2	2	3	2
12.	Физика (тереңдетілген деңгейде)	2	2	3	2
13.	Химия (стандартты деңгейде)	3	3	3	3
14.	Химия (тереңдетілген деңгейде)	3	3	3	3

15.	Биология (стандартты деңгейде)	2	3	3	3
16.	Биология (тереңдетілген деңгейде)	3	3	3	3
17.	География	2	1	2	2
18.	Графика және жобалау	2	2	2	1
19.	Дене шынықтыру	2	2	2	2
20.	Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс	2	2	2	2
21.	Экономика	2	2	2	2
22.	Бағдарламалау	1	1	2	1

12-СЫНЫП

10 - кесте

№	Пән атауы	Бөлім/ортақ тақырып бойынша ҚБ			
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
2.	Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)	2*	2*	2*	2*
3.	Қазақстан тарихы	2	1	2	1
4.	Математика (7)	2	3	3	2
5.	Математика (10)	3	2	3	2
6.	Информатика (стандартты деңгейде)	2	1	-	-
7.	Информатика (тереңдетілген деңгейде)	3	3	3	2
8.	Физика (стандартты деңгейде)	2	3	-	-
9.	Физика (тереңдетілген деңгейде)	1	1	3	2
10.	Химия (стандартты деңгейде)	3	2	-	-
11.	Химия (тереңдетілген деңгейде)	3	3	3	2
12.	Биология (стандартты деңгейде)	3	3	-	-
13.	Биология (тереңдетілген деңгейде)	3	3	3	2
14.	География	1	1	-	-
15.	Графика және жобалау	2	2	-	-
16.	Дене шынықтыру	2	2	2	2
17.	Экономика	2	2	-	-
18.	Бағдарламалау	1	1	1	1

* Тілдік пәндер бойынша бөлімге/ортақ тақырыпқа жиынтық бағалау жүргізу кезінде тілдік қызметтің тексерілетін түрлері біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым).

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларының оқу жетістіктерін
 бағалау саясатының
 4-қосымшасы

Оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу кестесі

11-кесте			
Сынып	Пән атауы	Өткізілу мерзімі	ДББҰ филиалдарының атауы
7-сынып	Математика*	Қыркүйек-қазан	21 Назарбаев Зияткерлік мектебі
	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)		
	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)		
	Ағылшын тілі		
	Математика	Қаңтар	«Астана қ. Назарбаев Зияткерлік мектебі», «Астана қ. Халықаралық мектеп» филиалдарынан басқа 20 Назарбаев Зияткерлік мектебі
8-сынып	Математика*	Қыркүйек-қазан, қаңтар	
	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)	Қаңтар	
	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)		
	Ағылшын тілі		
9-сынып	Математика*	Қыркүйек-қазан, қаңтар	
	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)	Қаңтар	
	Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)		
	Ағылшын тілі		
10-сынып	Математика*	Қыркүйек-қазан, қаңтар	

*Адаптивті тестілеудің үлгісінде

**Оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін
бағалауға арналған тестілеу кестесі**

12-кесте

Оқушылар	Бағыты	Өткізілу мерзімі	Филиал атаулары
14 жастағы оқушылар	Математикалық, оқу, жаратылыстану сауаттылығы	2024 жылғы қараша	21 Назарбаев Зияткерлік мектебі және Астана қаласындағы Халықаралық мектеп

Оқушылардың когнитивті емес дағдыларын бағалау кестесі

12-1- кесте

Оқушылар	Өткізу мерзімдері	Филиалдың атауы
7,10,11 сыныптар	2024 жылғы 2-13 желтоқсан аралығында	20 Назарбаев Зияткерлік мектептері

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларының оқу жетістіктерін
 бағалау саясатының
 5-қосымшасы

13- кесте алынып тасталды

Астана, Алматы, Ақтөбе, Көкшетау, Қостанай, Семей, Талдықорған, Тараз, Орал, Шымкент қалаларындағы физика-математика бағытындағы және химия-биология бағытындағы Атырау, Алматы, Ақтау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Шымкент, Өскемен, Петропавл, Түркістан қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 10-сынып оқушыларына «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалымен өткізілетін сыртқы жиынтық бағалау

14-кесте

№	Пән атауы	Таңдау пәндері
1.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1) /Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)	міндетті
2.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)/Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	міндетті
3.	Математика	міндетті
4.	Қазақстан тарихы	міндетті
5.	Физика, химия, биология, информатика	таңдау бойынша

Оқушылар 4 міндетті және 1 таңдау пәнінен емтихан тапсырады

Астана, Алматы, Ақтөбе, Көкшетау, Қостанай, Семей, Талдықорған, Тараз, Орал, Шымкент қалаларындағы физика-математика бағытындағы және химия-биология бағытындағы Атырау, Алматы, Ақтау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Шымкент, Өскемен, Петропавл, Түркістан қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 11-сынып оқушыларына Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалымен өткізілетін сыртқы жиынтық бағалау

15-кесте

№	Пән атауы	Таңдау пәндері
1.	Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) /Орыс тілі мен әдебиеті (Т2)	міндетті
2.	Ағылшын тілі	міндетті

Оқушылар 2 міндетті пәннен емтихан тапсырады

Астана, Алматы, Ақтөбе, Көкшетау, Қостанай, Семей, Талдықорған, Тараз, Орал, Шымкент қалаларындағы физика-математика бағытындағы және химия-биология бағытындағы Атырау, Алматы, Ақтау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Шымкент, Өскемен, Петропавл, Түркістан қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 12-сынып оқушыларына Халықаралық білім беру сұрақтары бойынша Кембриджбен н бірлесіп өткізілетін сыртқы жиынтық бағалау

16-кесте

№	Пән атауы	Таңдау пәндері
1.	Математика	міндетті
2.	Қазақстан тарихы	міндетті
3.	Қазақ/Орыс тілі мен әдебиеті (бірінші тіл ретінде)	міндетті
4.	Ағылшын тілі (IELTS)	міндетті
5.	Физика, химия, биология, информатика	таңдау бойынша
6.	География*	таңдау бойынша

*Географиядан емтиханды оқушылар 12-сыныптың бірінші жартыжылдығын бітіргенде тапсырады (егер пән жоғары сыныпта таңдалған болса).

17-кесте алып тасталынды

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларының оқу жетістіктерін
 бағалау саясатының
 6-қосымшасы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының 10-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау

18-кесте

№	Пән атауы	Таңдау пәндері
1.	Қазақ тілі мен әдебиеті / Қазақ тілі	міндетті
2.	Орыс тілі мен әдебиеті	міндетті
3.	Математика	міндетті
4.	Қазақстан тарихы	міндетті
5.	Ғылымдар (Биология, Химия, Физика)	таңдау бойынша

Оқушылар 4 міндетті және 1 таңдау пәндері бойынша емтихан тапсырады.

Халықаралық Бакалавриаттың DP бағдарламасы бойынша «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының 12-сынып оқушыларын сыртқы бағалау

19-кесте

Пән тобы	Пән атауы	Таңдау пәндері
1	Қазақ әдебиеті (SL) Орыс тілі мен әдебиеті (SL/HL) Ағылшын тілі мен әдебиеті (SL)	Оқушылар 6 (алты) пәндік топтан барлығы 6 пән тапсырады (стандартты деңгейдегі 3 пән (SL) және 3 жоғары деңгейлі пәндер (HL))
2	Ағылшын тілі (HL)	
3	Қазіргі Қазақстан тарихы (SL) Дүниежүзі тарихы (SL/HL) Цифрлық қоғам (SL/HL) Экономика (SL/HL) Антропология (SL/HL) География (SL/HL) Бизнес-менеджмент (HL)	
4	Химия (SL/HL) Физика (SL/HL) Биология (SL/HL) Компьютерлік ғылымдар (SL)	

5	Математика: Қолдану және түсіндіру (SL/HL) Математика: Талдау және тәсілдер (SL/HL)	
6	Өнер (SL/HL)	

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының
12-сынып оқушыларына «Педагогикалық өлшеулер орталығы»
филиалымен өткізілетін сыртқы бағалау**

20-кесте

№	Пән атауы	Таңдау пәндері
1.	Қазақ тілі/Орыс тілі*	міндетті
2.	Қазақстан тарихы	міндетті

Оқушылар 2 міндетті пәнінен емтихан тапсырады:

* Дипломдық бағдарлама бойынша Орыс тілі мен әдебиетін (стандартты және тереңдетілген деңгей) таңдаған оқушылар Қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырады;

* Дипломдық бағдарламада Қазақ әдебиеті пәнін (стандартты деңгей) таңдаған оқушылар Орыс тілі пәнінен емтихан тапсырады.

21-кесте Алынып тасталды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларының оқу жетістіктерін
 бағалау саясатының
 7-қосымшасы

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының
 «Астана қаласындағы Халықаралық мектеп» филиалының
 10-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауы**

23-кесте

№	Пән атауы	Таңдау пәндері
1.	Қазақ тілі/Орыс тілі мен әдебиеті (Т1)	міндетті
2.	Қазақ тілі/Орыс тілі (Т2)	міндетті
3.	Математика	міндетті
4.	Биология, Физика, Химия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Информатика	1 таңдау пәні

Оқушылар 3 міндетті пәннен және 1 таңдау пәнінен емтихан тапсырады

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының
 «Астана қаласының Халықаралық мектеп» филиалымен 12-сынып
 оқушылары үшін Диплом бағдарламасы бойынша Халықаралық
 бакалавриат өткізетін сыртқы бағалау**

24-кесте

Пәндік топтар	Пән атаулары	Таңдау пәндері
1	Қазақ әдебиеті (SL)/Қазақ тілі және әдебиеті (SL) Русский язык и литература (SL/HL) Ағылшын тілі мен әдебиеті (SL/HL)	Оқушылар алты пәндік топтан барлығы 6 пән тапсырады (стандартты деңгейдегі 3 пән (SL) және 3 жоғары деңгейлі пәндер (HL))
2	Ағылшын тілі (SL /HL) Орыс тілі (SL(ab initio course*))	
3	Дүниежүзі тарихы (SL/HL) Цифрлық қоғам (SL/HL) Экономика (SL/HL) География (SL/HL) Бизнес-менеджмент (SL/HL)	
4	Химия (SL/HL) Физика (SL/HL) Биология (SL/HL)	Толық емес дипломдық курсты таңдаған оқушылар алты пәндік топтан 6 пәнді
5	Математика: Талдау және тәсілдер (SL/HL)	
6	Өнер (SL/HL)	

		кез келген деңгейде таңдап тапсырады
--	--	--

* бұл тілде тәжірибесі жоқ оқушыларға, Орыс тілін екінші тіл ретінде таңдаған Астана қ. Халықаралық мектепте резидент емес оқушыларына арналған тілді меңгеру курсы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Астана қаласындағы Халықаралық мектебі» филиалының 12-сынып оқушыларына «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалымен өткізілетін сыртқы бағалау

25-кесте

№	Пән атауы	Таңдау пәндері
1.	Қазақ тілі (Т2)/Орыс тілі (Т2)*	міндетті
2.	Қазақстан тарихы	міндетті

Оқушылар 2 міндетті пәннен емтихан тапсырады:

* оқыту тіліне байланысты

26-кесте алынып тасталды

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы
оқушыларының оқу жетістіктерін
бағалау саясатының
7-1-қосымшасы

Алынып тасталды

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
 дербес білім беру ұйымы
 оқушыларының оқу жетістіктерін
 бағалау саясатының
 8-қосымшасы

**ДББҰ филиалдарын Халықаралық аккредитациялау аясындағы
 іс-шаралар**

28-кесте

№	ДББҰ филиалдарының атауы	Өткізу мерзімдері
Дайындық бағалау		
1.	Алматы ФМБ	2024 жылғы 08-11 қазан
2.	Қостанай	2024 жылғы 11-14 қазан
3.	Алматы ХББ	2024 жылғы 14-17 қазан
4.	Петропавл	2024 жылғы 14 -17 қазан
Командалық бағалау		
1.	Ақтөбе	2024 жылғы 05 -11 қазан
2.	Қарағанды	2024 жылғы 05 -11 қазан
3.	Павлодар	2024 жылғы 12 -18 қазан
4.	Орал	2024 жылғы 09 -15 қараша
5.	Атырау	2025 жылғы 01 -17 наурыз

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы
оқушыларының оқу жетістіктерін
бағалау саясатының
9-қосымшасы

Алынып тасталды